

**2022-2023 оқу жылындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті жанындағы 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша
мұғалімдер даярлау (8D01721 – қазақ тілі мен әдебиеті) бағытындағы
диссертациялық кеңес жұмысының**

ЕСЕБІ

Диссертациялық кеңес ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Төрағасының (қазіргі: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі) 2022 жылғы 11 шілдедегі №315 бұйрығы негізінде ашылды. Диссертациялық кеңестің жұмыс жасау мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы университет ректоры Кәрімова Бейбіткүл Сәрсемханқызының 2022 жылғы 31 тамыздағы №256-ғж бұйрығымен университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде бекітілді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы-филология ғылымдарының кандидаты Ғ.Ә.Тұяқбаев.

1.Өткізілген отырыстар саны – 1

2022 жылдың 10 қазанында диссертациялық кеңестің тұрақты құрамымен онлайн форматта отырысы өтті. Күн тәртібінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау (8D01721 – қазақ тілі мен әдебиеті) бағытындағы диссертациялық кеңес ережесін талқылау, бекітуге ұсыну.

Отырысқа диссертациялық кеңес төрағасы ф.ғ.к. Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы, ғалым хатшы-Оралова Гүлзира Сапарқызы, диссертациялық кеңес мүшелері: Төрәлі Қыдыр Еділбайұлы, Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша диссертациялық кеңес төрағасы ф.ғ.к. Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы диссертациялық кеңестің ережесімен және кеңестің тұрақты мүшелерін бекіту туралы университет ректорының бұйрығымен таныстырды. Сондай-ақ, диссертациялық кеңес ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және докторанттарға арналған жаднама туралы айтты.

Диссертациялық кеңестің жаңа ережесі бекітуге ұсынылды.

2.Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау (8D01721-«Қазақ тілі мен әдебиеті БББ) бағыты бойынша құрылған диссертациялық кеңестің 2022-2023 оқу жылына жоспарланған кестесіне сәйкес 2022 жылы диссертациялық кеңесте жұмысын қорғауға ұсынатын талапкер докторанттар болмағандықтан, бұл жылы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамымен онлайн форматында кездесу өткізу, диссертациялық кеңес жұмысының жоспарын жасау, «Диссертация қорғау туралы ереже» қайта қарап, бекіту, докторанттардың 2022 жылға арналған диссертациялық жұмысын қорғау жоспарын жасау, 2022 жылғы Қорқыт Ата атындағы ҚУ-нің ғылыми

кеңісінде диссертациялық кеңес мүшелерін бекіту үлгілерін жасау, диссертациялық жұмыстарын қорғауға дайындау туралы докторанттарға арналған жаднама дайындау жұмыстары жоспарланған.

Осыған байланысты диссертациялық кеңесте қорғау болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі (кесте).

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша құрылған диссертациялық кеңестің 2022-2023 оқу жылына жоспарланған кестесіне сәйкес 2023 жылы диссертациялық кеңесте төмендегі докторанттардың жұмысын қорғау жоспарланған.

№	Аты-жөні	Оқу орны	Шифр, мамандық	Жоспарланған қорғау күні
1	Тулбаева Айдынгул Тойбазаровна	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	8D01721 – қазақ тілі мен әдебиеті (6D011700 – қазақ тілі және әдебиеті)	Наурыз, 2023ж.
2	Оспанов Бактияр Есенгелдіұлы	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	8D01721 – қазақ тілі мен әдебиеті (6D011700 – қазақ тілі және әдебиеті)	Ақпан, 2023
3	Бекназарова Улжан Умирзаковна	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	8D01721 – қазақ тілі мен әдебиеті (6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті)	Шілде, 2023ж.
4	Уткелбаев Кыдырбай Захманович	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	8D01721 – қазақ тілі мен әдебиеті (6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті)	Қыркүйек, 2023ж.
5	Уразова Асыл Кожабаевна	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	8D01721 – қазақ тілі мен әдебиеті (6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті)	Қараша, 2023 ж.

4. Төмендегі бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

2022 жылы докторлық диссертацияларға талдау отырыстары өткізілмеді.

5.Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

2022 жылы докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі кеңестің отырыстары өткізілмеді.

6.Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар.

1.Болашақ ғылыми кадрлардың қорғауына барынша мүмкіндік жасау.

2.Докторанттарға академиялық жазылымның теориясы мен практикалық негіздерін, әсіресе отандық КОКСОН, Web of Science деректер қорының Scopus базасындағы т.б. ғылыми журналдарға мақала жазу, жариялау бойынша кеңестер беру, қолдау көрсету, арнайы жоспарланған семинар-тренингтер өткізу.

3.Диссертациялық жұмыстарды жазу мен рәсімдеуге байланысты докторанттардың және олардың ғылыми жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру.

4.Диссертацияларды сапалы талқылау мақсатында кафедрадағы диссертация рецензенттерінің; университет оқытушылары арасынан диссертациялық кеңестің төрағасы, ғылыми хатшысы және мүшелерінің жұмысына ЖОО-ның тиісті ақы төлеуі үшін оқу жүктемесі жөніндегі нормативтерді қарастыру.

7.Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) жоқ.

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары) жоқ.

3) рецензенттердің (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарының) теріс пікірлерін алған диссертациялар жоқ.

4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) жоқ.

5) пысықтауға жіберілген (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Г.Ә.Тұяқбаев

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Г.С.Оралова

«22» 12

2022 жыл

